

FRHC: Серіктестік баспасөз релиздеріне арналған нұсқаулық

Freedom Holding Corp. (бұдан әрі - Компания) серіктестердің осы Нұсқаулыққа сәйкес бірлескен жобалар, өнімдер, демеушілік, өзара іс-қимылдың басқа да нысандары туралы, табысқа жету жолы және технологиялық жетістіктер туралы баспасөз хабарламаларын шығару жөніндегі бастамасын қолдайды.

Коммуникацияның тиімділігі мен таратылатын ақпараттың дұрыстығы үшін келісудің белгіленген рәсімдерін ұстанған маңызды. Freedom Holding Corp. және/немесе оның еншілес компанияларының кез келген серіктес баспасөз релизі Freedom Holding Corp PR-департаментімен алдын ала жазбаша келісілуі тиіс. Келісу үшін барлық баспасөз хабарламаларын PR-департаменттің ресми электрондық поштасына жіберу қажет:

- Қазақстанда тіркелген еншілес компанияларға қатысты - pr@ffin.kz
- Еуропа елдерінде тіркелген еншілес компанияларға қатысты - -pr@freedom24.com
- АҚШ-та тіркелген еншілес компанияларға қатысты - -rzito@zitopartners.com
- Жоғарыда көрсетілмеген қалған елдерде тіркелген еншілес компанияларға қатысты - -prglobal@ffin.kz

Барлық серіктестік баспасөз хабарламалары PR-департаменттің жарияланғанға дейін жазбаша мақұлдауын талап етеді.

Редакциялық ұсынымдар

- Егер айтылымдар Компания мен серіктес арасындағы нақты заңдық және іскерлік қатынастарды көрсетсе, «серіктестік», «ынтымақтастық», «коллаборация», «кооперация» деген сөздерді пайдалануға жол беріледі.
- Егер жобада Компанияның рөлі негізгі рөл атқаратын болса, атауында және мәтіннің бірінші абзацында Компанияның атауын атап өтіңіз.
- Мәтіндегі Компанияның рөлін тұжырымдау серіктестік қатынастарды регламенттейтін құжаттарға сәйкес келуге тиіс.
- Компанияның логотипін, байланыс ақпаратын және сипаттамасын баспасөз релизіне енгізбеген жөн. PR-департамент тиісті шешім қабылдаған жағдайда құжатты ақпаратпен толықтырады.
- Баспасөз релизінің мәтінде Компания кепілдік береді, ресми мақұлдайды немесе үшінші тараптардың өнімдері мен қызметтері үшін жауапкершілікті өзіне алады деген әсер қалдыратын тұжырымдар пайдаланылмауы тиіс.

Дәйексөздер бойынша ұсыныстар

- Егер баспасөз релизінде Компания өкілінің дәйектемесі талап етілсе, бастамашы тарап келісілетін баспасөз релизіне өз өкілінің (және егер кезделсе, басқалардың) дәйектемесін қосуы тиіс.
- Дәйектердің кезектілігі тараптардың рөліне және спикерлердің мәртебесіне сәйкес келуге тиіс.
- Компания өкілінің дәйектемесінің өз нұсқасын ұсынбау керек. Тиісті шешім қабылданған жағдайда PR-департамент құжатты келісілген дәйексөзмен толықтырады.
- Дәйексөзді алдын ала жазбаша келісусіз кейінгі баспасөз материалдары үшін қайта пайдалануға болмайды.

Келісу жөніндегі нұсқаулық

- Серіктестер жобаның географиясы мен ерекшелігіне сүйене отырып, тиісті тілде Word форматында Компанияның PR-департаментіне келісуге баспасөз релизінің драфтын ұсынуы тиіс. Атап айтқанда:
 - Қазақстан аумағында жүзеге асырылып жатқан немесе Қазақстандағы клиенттер мен серіктестерге бағдарланған жобалар үшін баспасөз релизі қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. Егер жоба шетелдік компаниялардың қатысуын көздесе, қосымша ағылшын тіліндегі нұсқасы ұсынылады.
 - Егер жоба басқа елдерде жүзеге асырылатын болса, баспасөз релизі ағылшын тілінде және ынтымақтастық жүзеге асырылатын елдің тілінде дайындалуы тиіс.

Осылайша, келісу үшін баспасөз релизінің тілі коммуникацияның барынша релеванттылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету үшін шығарылым аймағына, қатысушылар құрамына және тарату арналарына сүйене отырып анықталады.
- Компания мәтіннің жекелеген үзінділерін келісе алмайды, ішкі үдеріс баспасөз релизінің толық нұсқасын ғана тексеруді көздейді.
- Келісуге жіберілетін баспасөз релизінің нұсқасы қалған тараптармен түпкілікті келісілуге тиіс.
- Баспасөз релизі жарияланғанға/таратылғанға дейін кемінде бес жұмыс күні бұрын келісуге жіберілуі тиіс. Қате немесе елеулі қателері бар толық емес мәтіндер қайтарылады және келісу процесі түзетілген нұсқаны алғаннан кейін қайта басталады.
- Баспасөз релиздерін Компания жағында жобаға жетекшілік ететін жобалық менеджердің электрондық пошта хатының көшірмесіне енгізе отырып, PR-департаменттің электрондық поштасына жіберу қажет.
- Жоспарланған тарату күнін көрсетіңіз. Сондай-ақ тарату қағидатын да келісу қажет:
 - Таратуды бір немесе бірнеше тарап жүргізе ме?

- Егер таратуды бірнеше тарап жүргізсе, баспасөз хабарламасын жіберу қатаң келісілген уақытта және күні бір мезгілде жүргізілуі тиіс.

- Қандай тарату арналары пайдаланылатынын хабарлаңыз.
- Ресми келісім алғаннан кейін баспасөз хабарламасының елеулі егжей-тегжейлеріндегі кез келген кейінгі өзгерістер тексеру үшін белгіленген өзгерістермен қайта жіберілуі тиіс.

Осы ұсынымдардың сақталуына баспасөз релизін жариялайтын тарап жауапты болады.